

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Қазақ қоршаған ортаны қорғау және климат мониторингі ғылыми-зерттеу институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 1240 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Қазақ қоршаған ортаны қорғау және климат мониторингі ғылыми-зерттеу институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің "Қазақ экология және климат ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні ғылым мен табиғат қорғау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің бекітуіне Кәсіпорынның жарғысын ұсынсын;

2) Кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) "Қазгидромет" және "Қазавиамет" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы N 185 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 7, 51-күжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

реттік нөмірі 14-жол алынып тасталсын;

3) < * >

Ескерту. 3)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1113 қаулысымен .

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК